

## ЖОБА

### 2020-2022 жылдарға арналған Үшқұдық ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2020-2022 жылдарға арналған Үшқұдық ауылдық округ бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мына көлемде бекітілсін:

1) кірістер—28 630 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3 025 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 10 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 25 605 мың теңге;

2) шығындар –28 130 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0 мың теңге;

оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге;

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы - 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 0 мың теңге.

2. Тоқмансай ауылдық округінің бюджеттің кірісіне есептелетін болып ескерілсін:

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салық;

мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

4.Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы «2020-2022 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 7 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

5. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне берілген субвенция көлемі – 25 105 мың теңге сомасында көзделді.

6. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер түскені ескерілсін:

мемлекеттік органның күрделі шығыстарына - 500 мың теңге;

7. «Алға аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

8. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық  
мәслихат сессиясының  
төрағасы  
М.Муратбаев**

**Аудандық  
мәслихат хатшысы  
Б. Жұмабаев**